1996 ЖЫЛДЫҢ 22 НАУРЫЗЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ
ИЗДАЕТСЯ С 22 МАРТА 1996 ГОДА
№8(54), 01.11.2026



Білім таусылмайтын байлық

Знание - капитал, не подверженный инфляции

ПАРАСАТ

Құрметті әріптестер мен серіктестер, оқытушылар мен қызметкерлер, студенттер!

Сіздерді Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

25 қазан – еліміздің тарихындағы айрықша күн, мемлекеттілігіміздің, тәуелсіздігіміздің және өзіндік даму жолын таңдауға деген ұмтылысымыздың символы. Бұл мереке баршамызды Қазақстанның бүгіні мен болашағы, оның өркендеуі мен халықтың әл-ауқаты үшін ортақ жауапкершілік төңірегінде біріктіреді.

Университеттер еліміздің дамуына зор үлес қосады. Олар ұлттың зияткерлік әлеуетін қалыптастырады, кәсіби мамандардың жаңа буынын тәрбиелейді, ғылыми білімді дамытып, жастарға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті де осы ортақ іске өз үлесін қосып, өңір мен еліміздің білім беру және ғылыми әлеуетін нығайту жолында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

Бірлескен күш-жігеріміздің, өз ісімізге деген адалдығымыз бен жаңа жетістіктерге ұмтылысымыздың арқасында ең батыл бастамаларымызды жүзеге асырып, Қазақстанның жарқын болашағына лайықты үлес қоса алатынымызға сенімдімін.

Баршаңызға зор денсаулық, амандық, бейбіт өмір, ертеңгі күнге деген сенім және Отанымыздың игілігі жолындағы еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін!

Республика күні құтты болсын!

Ербол Исақаев,
Басқарма Төрағасы - Ректор

ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауы жаһандық технологиялық өзгерістер жағдайында еліміздің дамуының стратегиялық бағдарларын айқындайды.



Негізгі басымдықтардың қатарында экономиканы цифрлық трансформациялау, жасанды интеллектіні енгізу, ғылым мен білімді дамыту, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру және азаматтардың әл-ауқатын жақсарту мәселелері бар.

Бұл міндеттердің жоғары білім беру саласы үшін маңызы ерекше. Бүгінде университеттер сапалы кәсіби білім берумен ғана шектелмей, жаңа білім қалыптастыруға, сұранысқа ие технологияларды әзірлеуге және экономиканың нақты мәселелерін шешуге атсалысуға тиіс. Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігіне ықпал ететін адами капитал білім, ғылым және өндіріс тоғысқан ортада қалыптасады.

Президент цифрлық экономиканы жедел дамыту және жасанды интеллектіні кеңінен енгізу қажеттігін атап өтті. Бұл мамандар даярлау жүйесіне, ғылыми зерттеулерді ұйымдастыруға және білім беру ұйымдарын басқаруға жүйелі өзгерістер енгізуді талап етеді.

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде цифрлық трансформация дамудың маңызды практикалық бағыттарының біріне айналды. Университетте Жасанды интеллект және цифрлық трансформация орталығы жұмыс істейді. Оның базасында республикалық AI-Sana бағдарламасы аясындағы жобалар жүзеге асырылуда.

Студенттер түрлі білім беру платформаларында жасанды интеллект бойынша базалық оқытудан өтті. Сонымен қатар білім алушылар мен қызметкерлер қаржылық қауіпсіздік, денсаулық сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және университеттің ішкі үдерістерін басқару салаларындағы практикалық міндеттерді шешуге арналған жасанды интеллект агенттерін әзірледі. Бұл жобалар цифрлық құзыреттердің нақты өнімдер мен қолданбалы шешімдерге айнала алатынын көрсетеді.

Келесі кезеңде жасанды интеллектіні ғылыми-зерттеу қызметінде, агроөнеркәсіптік кешенде, ресурстарды басқаруда және экономиканың басқа да салаларында қолдану аясын кеңейту көзделіп отыр.

Университет ретіндегі біздің міндетіміз – заманауи технологияларды пайдаланып қана қоймай, оларды өздері жасай алатын, жасанды интеллект жұмысының нәтижелерін сыни тұрғыдан бағалайтын және цифрлық құралдарды кәсіби қызметінде жауапкершілікпен қолданатын мамандар даярлау.

Өңір мен ел экономикасының дамуына қызмет ететін ғылым

Мемлекет басшысы айқындаған білімге негізделген экономиканы дамыту бағытының маңызы зор. Ғылыми зерттеулер технологиялық шешімдердің, жаңа өндірістердің пайда болуына және отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға негіз болуы тиіс. Kozybayev University-дің даму көрсеткіштері ғылыми бағыттың жүйелі түрде нығайып келе жатқанын көрсетеді. 2025 жылы университеттің ғылыми жобаларын қаржыландыру көлемі 1,31 млрд теңгені құрады. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда 3,5 есе көп. Аталған жылы университет жалпы бюджеті 1,31 млрд теңге болатын 12 ғылыми жобаны жүзеге асырды. Сонымен қатар құны 2 млрд теңгеден асатын тағы 19 жобаға өтінім берілді.

Ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру маңызды бағыттардың бірі болып қала береді. Өңір кәсіпорындарымен бірлесіп, жалпы сомасы 1,7 млрд теңгені құрайтын коммерцияландыру жобаларына өтінімдер бердік. Оның ішінде 412 млн теңге жеке инвестиция тарту көзделген. Мұндай ынтымақтастық үлгісі ғылыми идеяны, бизнестің сұранысын және зерттеу нәтижелерін іс жүзінде қолдану мүмкіндіктерін өзара байланыстыруға жол ашады.

Біз үшін ғылымның өңірдің нақты қажеттіліктеріне жауап беруі аса маңызды. Солтүстік Қазақстан облысының аграрлық әлеуеті жоғары. Сондықтан мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, азық-түлік қауіпсіздігі және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану салаларындағы зерттеулер ерекше өзектілікке ие.

Заманауи агротехнологиялар – азық-түлік қауіпсіздігіне қосылған үлес

Президент Жолдауында ауыл шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығына заманауи технологияларды енгізуге және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге ерекше назар аударды. Бұл бағыттар біздің өңір үшін стратегиялық маңызға ие.

Университетте мал шаруашылығы және өсімдіктер биотехнологиясы бойынша бірлескен қазақстандық-қытайлық зертханалар, «Агрохиманалитика» ғылыми-зерттеу зертханасы және агротехнологиялық бағыттағы басқа да зерттеу алаңдары жұмыс істейді.

Аталған зертханалардың әлеуеті аграрлық технологияларды жетілдіруге, топырақ пен ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын зерттеуге, биотехнологиялық тәсілдерді дамытуға және өндіріс тиімділігін арттыруға бағытталған шешімдерді іздестіруге мүмкіндік береді.

2025 жылы университетте алты жаңа зертхана ашылып, шамамен 900 млн теңгеге заманауи жабдықтар сатып алынды. Ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын дамыту ғалымдар мен студенттердің мүмкіндіктерін кеңейтіп, күрделі зерттеулер жүргізуге жағдай жасайды және ғылыми жұмыстың материалдық-техникалық базасын нығайтады.

Халықаралық ынтымақтастықтың келешегі зор жобаларының бірі – Қазақстан-Қытай аграрлық технологиялар және экспортты дамыту демонстрациялық технопаркі. Жобаны үш жыл ішінде екі кезеңмен жүзеге асыру барысында 50 млн долларға дейін инвестиция тарту қарастырылған. Бұл бастама технологиялық ынтымақтастықты дамытуға және өңірдің аграрлық әлеуетін нығайтуға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Біз мұндай бастамаларды ғылым, білім және өндіріс арасындағы ықпалдастықты тереңдетудің негізі ретінде қарастырамыз.

Университет заманауи білім ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен қайта өңдеу кәсіпорындарына қажетті практикалық шешімдерге айналатын орта болуы тиіс.

Су ресурстары және экологиялық қауіпсіздік

Суды ұтымды пайдалану – Мемлекет басшысының Жолдауында көтерілген тағы бір маңызды мәселе. Су сапасын бақылау және оны тазартудың тиімді әдістерін енгізу ғылыми зерттеулер мен заманауи технологияларды қажет ететін міндеттердің қатарына жатады.

Солтүстік Қазақстан университетінде «Су сапасын бағалау» ғылыми-зерттеу зертханасы жұмыс істейді. Оның қызметі университеттің экология және ресурстарды ұтымды пайдалану салаларындағы өзге де ғылыми бағыттарын толықтырады.

Сапалы суға деген сұраныс артып, табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру қажеттілігі күшейген қазіргі жағдайда бұл бағытты дамыту ерекше маңызды. Заманауи талдау әдістері мен ғылыми негізделген шешімдер су ресурстарын жауапкершілікпен басқаруға негіз қалыптастырады.

Біз үшін университеттің ғылыми-сараптамалық әлеуетінің өңірдегі экологиялық және шаруашылық мәселелерді шешуде сұранысқа ие болуы маңызды. Бұл – ғылымның халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және өңірдің орнықты дамуына тікелей үлес қоса алатынының тағы бір дәлелі.

Сапалы білім және адами капитал

Барлық технологиялық өзгерістердің негізінде білікті мамандар тұр. Сондықтан ғылым мен цифрлық экономиканы дамыту білім сапасын арттырумен, жастардың мүмкіндіктерін кеңейтумен және білім беру жүйесінің еңбек нарығымен байланысын нығайтумен қатар жүруі тиіс.

Қазіргі таңда Kozybayev University -де 8 064 студент білім алуда. Ал 2026 жылы университетке 3 187 бірінші курс студенті қабылданды. Бұл – 2004 жылдан бергі ең жоғары көрсеткіш. Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі 91%-ды құрайды. Аталған көрсеткіштер университеттің білім беру қызметінің ауқымын және даярланатын мамандарға деген сұранысты сипаттайды.

Сонымен бірге заманауи университет кәсіби білім берумен ғана шектелмеуі керек. Студенттердің зерттеушілік ойлау қабілетін, цифрлық сауаттылығын, ауқымды ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын, негізделген шешім қабылдау және кәсіби қызметі барысында жаңа құзыреттерді үздіксіз меңгеру қабілеттерін дамыту маңызды.

Жасанды интеллектіні жауапкершілікпен пайдалануға ерекше көңіл бөлу қажет. Жаңа технологиялар білім алу мен ғылыми зерттеулер жүргізуге кең мүмкіндік бергенімен, дербес ойлауды, академиялық адалдықты және нәтижеге деген жауапкершілікті алмастыра алмайды. Сондықтан цифрлық трансформация этикалық қағидаттарды нығайтумен және біліммен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастырумен қатар жүруі тиіс.

(Соңы 4-бетте)



ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ

(Басы 3-бетте)

Университет – өңірлік даму-дың орталығы

Мемлекет басшысы белгілеген басымдықтарды жүзеге асыру мемлекет, бизнес, ғылыми ұйымдар мен білім беру мекемелерінің өзара ынтымақтастығын талап етеді. Университеттер осы тараптарды байланыстыратын маңызды буынға айналып, кадр даярлауды, ғылыми сараптаманы және экономикаға қажетті шешімдерді әзірлеуді қамтамасыз ете алады.

Kozybayev University үшін бұл ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын одан әрі дамытуды, халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуді, студенттердің бастамаларын қолдауды және өңір кәсіпорындарымен серіктестікті нығайтуды білдіреді.

Бүгінде университеттің ғылыми әлеуеті агроөнеркәсіптік кешенде, су ресурстарын зерттеуде, цифрлық трансформацияда және экономиканың түрлі салаларына мамандар даярлауда сұранысқа ие екенін көріп отырмыз. Осы бағыттарды жүйелі түрде дамытып, ғылыми зерттеулердің практикалық нәтижелілігін арттыру және жастардың кәсіби тұрғыдан қалыптасуына қолайлы жағдай жасау маңызды.

Президент Жолдауы білім, инновация және адами капитал орнықты өсудің негізіне айналатын технологиялық тұрғыдан дамыған Қазақстанды қалыптастыруға бағыт береді.

Университеттер үшін бұл – стратегиялық міндет қана емес, сонымен қатар студенттер, өңір және ел алдындағы күнделікті жауапкершілік.

Ербол Исақаев,
Басқарма Төрағасы - Ректор



НОВЫЙ ИСТОРИЧЕСКИЙ ЦИКЛ: НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ СТУДЕНЧЕСТВА

28 октября Президент Касым-Жомарт Токаев выступил с ежегодным Посланием народу «Актуальные задачи Казахстана в новом историческом цикле». Представленный курс на технологическую модернизацию и масштабные экономические реформы открывает беспрецедентные возможности для студентов Kozybayev University и всей страны.



В своем выступлении Глава государства подчеркнул, что Казахстан вступил в новую эпоху развития, реализуя масштабные политические и социально-экономические реформы.

Цель - построение Справедливого, Сильного и Прогрессивного Казахстана, технологически развитого, с сильной конкурентоспособной экономикой. Для достижения этой цели 2027 год объявлен Президентом Годом всенародного строительства, направленного на масштабное обновление инфраструктуры. Важной новостью для Северо-Казахстанского региона стало расширение автодороги Петропавловск - Кокшетау, что сделает поездки более безопасными и комфортными.

Параллельно в образовании фокус сделан на современные школы и программу QazaqDigitalMektebi, обеспечивающую оснащение учебных заведений передовыми технологиями.

Что Послание дает студентам Kozybayev University?

Реализация инициатив, озвученных Президентом, напрямую влияет на будущее студенческого сообщества и задает четкие ориентиры для профессионального роста:

- Гарантия востребованности:

Внедрение технологий Искусственного интеллекта во все сферы - это сигнал. Студентам критически важно осваивать передовые цифровые компетенции уже сейчас. Именно обладатели этих навыков станут ключевыми специалистами цифровой экономики Казахстана.

- Амбициозные цели по развитию

Alatau City и массовой цифровизации - это реальные площадки, где студенты смогут применить свои знания и стать движущей силой Прогрессивного Казахстана.

- Программы Digital Qazaqstan и QazaqDigitalMektebi обеспечат вузы и школы новейшими технологиями, создавая качественные условия для получения знаний.

- Обновление дорог и цифровая безопасность в рамках принципа «Закон и Порядок» создают комфортную среду для жизни и учебы, обеспечивая мобильность обучающихся по всей стране.

Государство создает современную технологическую и образовательную платформу.

Задача студентов сегодня - использовать эти возможности, чтобы стать высококвалифицированными специалистами, готовыми строить будущее нашей страны.

Анастасия Вульф,
студентка первого курса,
ЖСН

ЕЛДІКТІҢ БАСТАУЫ БОЛҒАН КҮН

25 қазан – Қазақстанның жаңа тарихындағы айрықша күн. 1990 жылы дәл осы күні Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл құжат Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасуына саяси-құқықтық негіз қалап, тәуелсіздікке бастайтын жолды айқындады.

Декларация қабылданған кезде Қазақстан әлі Кеңес Одағының құрамында еді. Соған қарамастан, құжатта республика аумағының тұтастығы, мемлекеттік биліктің дербестігі, табиғи ресурстарға иелік ету, ұлттық мәдениет пен тілдерді дамыту сияқты ел болашағы үшін маңызды қағидалар бекітілді. Қазақстанның өз ішкі және сыртқы саясатын ұлттық мүддеге сай жүргізуге ұмтылысы алғаш рет ресми түрде жарияланды. Бүгінде 25 қазан – еліміздің өз тағдырын өзі айқындауға бет бұрған күні.

Мемлекеттік егемендік туралы декларация Қазақстанның тәуелсіздігін бір күнде орнатқан құжат болған жоқ. Алайда ол кейін қабылданған шешімдердің құқықтық және саяси бағытын белгіледі. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң қабылданып, еліміз әлемге дербес мемлекет ретінде танылды.

Осы тұрғыдан алғанда Республика күні мен Тәуелсіздік күні бірбірімен тығыз байланысты болғанымен, олардың тарихи мағынасы бөлек. Республика күні – егемендікке бағытталған саяси таңдау жасалған кезеңді білдіреді. Ал Тәуелсіздік күні – сол таңдау заңды әрі нақты мемлекеттік мәртебеге айналған күн.

2026 жылы Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның қабылданғанына 36 жыл, ал Қазақстан Тәуелсіздігіне 35 жыл толып отыр. Тарих өлшемімен қарағанда бұл аса ұзақ уақыт емес. Дегенмен осы кезең ішінде Қазақстан мемлекеттік институттарын қалыптастырды, шекарасын халықаралық деңгейде бекітті, ұлттық валютасын енгізді, Конституциясын қабылдады және әлемнің көптеген мемлекетімен дипломатиялық байланыс орнатты.

Республика дегеніміз не? «Республика» сөзі латын тіліндегі res publica – «ортақ іс», «қоғамдық іс» деген ұғымнан шыққан. Оның мәні мемлекеттің тағдыры бір



адамға немесе белгілі бір топқа ғана емес, бүкіл қоғамға ортақ екенін білдіреді.

Осы ұғым Республика күнінің бүгінгі мағынасын тереңдете түседі. Егемендік мемлекеттік шекарамен, рәміздермен және халықаралық мәртебемен ғана өлшенбейді. Оның берік болуы азаматтардың біліміне, еңбегіне, заңды құрметтеуіне және ел алдындағы жауапкершілігіне байланысты.

Мемлекеттің дамуына тек жоғары лауазымды тұлғалар немесе мемлекеттік органдар жауапты деген түсінік жеткіліксіз. Мұғалімнің сапалы білімі, дәрігердің адал қызметі, журналистің шынайы ақпараты, кәсіпкердің жауапты еңбегі, жұмысшының кәсіби шеберлігі және жастардың ізденісі – ел тәуелсіздігін күнделікті нығайтатын нақты істер.

Егемендіктің өлшемі күнделікті өмірден көрінеді. Егемендік туралы сөз қозғалғанда көбіне мемлекеттік деңгейдегі шешімдер айтылады. Алайда оның нәтижесі әр азаматтың күнделікті өмірінен көрінуі керек.

Азамат ана тілінде білім алып, ойын еркін жеткізе алса, бұл – егемендіктің көрінісі. Жас маман өз елінде білімін жүзеге асырып, адал еңбегімен табысқа жете алса, бұл да – тәуелсіздіктің нәтижесі. Адам өз құқығын біліп, заң алдында өзін қорғалған сезінсе, мемлекеттік институттарға сенім артса, егемендіктің қоғамдық мағынасы күшейеді.

Елдің тәуелсіздігі оның азаматтарының тұрмыс сапасынан, қауіпсіздігінен, білім мен медицинаға қолжетімділігінен, әділдікке деген сенімінен байқалады. Сондықтан ұлттық мерекені тек өткен жетістіктерді атап өтетін күн деп қабылдау жеткіліксіз. Ол қоғамдағы шешілмеген мәселелерді де ашық айтуға мүмкіндік беруі тиіс.

Отанды сүю кемшілікті көрмеу деген сөз емес. Керісінше, елдің мәселесіне бейжай қарамай, оны заңды және өркениетті жолмен шешуге қатысу – саналы отаншылдықтың белгісі.

Республика күнінің тәрбиелік мәні әсіресе жастар үшін маңызды. Тәуелсіз Қазақстанда дүниеге келген ұрпақ егемендікті табиғи құбылыс ретінде қабылдайды. Олар кеңестік кезеңдегі саяси шектеулерді, ұлттық шешімдерді орталыққа тәуелді қабылдау жағдайын және дербес мемлекетті қалыптастырудың алғашқы қиындықтарын көрген жоқ.

Сондықтан жастарға тарихты құр даталар жиынтығы ретінде емес, қоғамның саналы таңдауы мен нақты шешімдерінің нәтижесі ретінде түсіндіру қажет.

1990 жылғы декларацияны қабылдау сол кезеңдегі қоғамдық өзгерістерден, ұлттық сананың өсуінен және елдің болашағына қатысты талаптан туындады. Құжат Қазақстан халқының өз мемлекеттілігіне деген ұмтылысын саяси деңгейде бекітті.

Жас ұрпақ Республика күнінің тарихын білу арқылы тәуелсіздіктің өздігінен келмегенін түсінеді. Оны сақтау үшін де білім, кәсібилік, азаматтық белсенділік пен қоғамдық келісім қажет.

(Соңы 6-бетте)

ЕЛДІКТІҢ БАСТАУЫ БОЛҒАН КҮН

(Басы 5-бетте)

Қазақстан – түрлі этнос, тіл және мәдениет өкілдері өмір сүретін мемлекет. Осындай қоғамдағы тұрақтылықтың негізі адамдардың бірдей ойлауында емес, ортақ азаматтық құндылықтарды құрметтеуінде.

Республика күні әр азаматтың шыққан тегі мен әлеуметтік жағдайына қарамастан, Қазақстанның болашағына қатысы бар екенін білдіреді. Ел бірлігі айырмашылықтарды жоққа шығарудан емес, оларды құрметтей отырып, ортақ заң мен ортақ жауапкершілік төңірегінде топтасудан қалыптасады.

Қоғамдағы келісім үнсіздікке немесе мәселені жасыруға негізделмеуі керек. Ол өзара құрметке, ашық пікір алмасуға және әділеттілікке сүйенгенде ғана берік болады.

Республика күні еліміздің барлық өңірінде Мемлекеттік ту көтеріліп, Әнұран шырқалады. Бұл рәсімдер мерекелік бағдарламаның сыртқы көрінісі ғана емес.

Көк ту – елдің егемендігі мен тұтастығының белгісі. Елтаңбадағы шаңырақ Қазақстанды ортақ үй ретінде танытады. Әнұран азаматтардың елге деген құрметі мен ортақ сезімін білдіреді.

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу олардың бейнесін мереке кезінде қолданумен шектелмейді. Олардың мағынасын түсіну мемлекеттің тәуелсіздігін, азаматтардың теңдігін және ел алдындағы жауапкершілікті мойындаудан басталады.

Республика күні 2022 жылы ұлттық мереке мәртебесін қайта алды. Бұл шешім тарихи жадты жаңғыртып, Егемендік декларациясының мемлекеттілігіміздегі орнын қайта бағалауға мүмкіндік берді.

Алайда кез келген мерекенің қоғам үшін маңызы оның ресми мәртебесімен ғана анықталмайды. Республика күнінің шынайы мазмұны әр азаматтың «Мен елімнің дамуына не қоса аламын?» деген сұраққа берген жауабынан көрінеді.

Бір адам адал еңбек етеді. Екіншісі балаға сапалы білім береді. Үшіншісі қоғамдық мәселені көтереді. Төртіншісі кәсіп ашып, жұмыс орындарын құрады. Еріктілер мұқтаж жандарға көмектеседі. Ғалымдар жаңалық ашады. Журналистер қоғамға тексерілген ақпарат ұсынады. Осындай күнделікті еңбектің жиынтығы мемлекетті нығайтады.

Данагүл Үртеміш,
«ЖжӘҒ» кафедрасының
3-ші курс студенті.

РЕСПУБЛИКА КҮНІ КӨП ЕЛГЕ ОРТАҚ МЕРЕКЕ

Республика күні көптеген елде мемлекеттің жаңа басқару үлгісіне көшкен, Конституциясын қабылдаған немесе монархиялық жүйеден бас тартқан тарихи күнмен байланысты. Алайда оны атап өту дәстүрі әр мемлекеттің тарихына, мәдениетіне және қоғамдық құндылықтарына қарай ерекшеленеді.



Үндістан Республика күнін жыл сайын 26 қаңтарда атап өтеді. Бұл күн 1950 жылы ел Конституциясының күшіне енуіне байланысты белгіленген. Үндістан 1947 жылы тәуелсіздік алғанымен, республика ретіндегі құқықтық жүйесі Конституция қабылданғаннан кейін толық қалыптасты. Мерекенің басты оқиғасы Нью-Делиде өтетін ауқымды шеру саналады. Оған ел президенті, үкімет мүшелері, шетелдік құрметті қонақтар және мыңдаған көрермен қатысады. Шеруде Үндістан Қарулы күштерінің бөлімдері, әскери техника, ұлттық мәдениетті таныстыратын театрландырылған композициялар көрсетіледі.

Үндістанның әр штаты шеруге өзінің тарихы, өнері, дәстүрі мен жетістіктерін бейнелейтін арнайы безендірілген көлік дайындайды. Сондықтан мереке әскери қуатты көрсетумен шектелмей, елдің этностық және мәдени алуандығын таныстыратын үлкен сахнаға айналады. Республика күнін мерекелеу бірнеше күнге созылады. Оның қорытынды рәсімдерінің бірі – әскери оркестрлер қатысатын салтанатты музыкалық кеш. Осы арқылы Үндістан Республика күніне мемлекеттік тәртіп, Конституцияға құрмет және мәдени әртүрлілік мазмұнын біріктірген.

Италияда Республика күні 2 маусымда тойланады. 1946 жылғы 2 маусымда өткізілген бүкілхалықтық референдумда италиялықтар монархия мен республиканың бірін таңдады. Дауыс беру нәтижесінде республика жақтастары басым түсіп, елдің жаңа мемлекеттік құрылысы қалыптасты. Бұл референдумның тағы бір тарихи ерекшелігі бар. Италия әйелдері сол дауыс беру кезінде ұлттық деңгейдегі саяси шешімге алғаш рет толыққанды сайлаушы ретінде қатысты. Сондықтан 2 маусым республика орнаған күн ғана емес, азаматтық теңдік тарихындағы маңызды кезең ретінде де бағаланады.

Римде Республика күніне орай мемлекет басшысы Отан құрбандығындағы Белгісіз жауынгер ескерткішіне гүл шоғын қояды. Қала орталығында әскери шеру өткізіліп, Италия туының түстерін бейнелейтін әуе шоуы ұйымдастырылады. Мерекенің халыққа жақын дәстүрлерінің бірі – Президент резиденциясы орналасқан Квиринал сарайының бақтарын көпшілікке ашу. Кей жылдары бұл мүмкіндік әлеуметтік тұрғыдан осал азаматтарға, қарттарға және мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналады. Осылайша Италия Республика күніне тарихи таңдау, азаматтық теңдік және қоғамдық ынтымақ мерекесі ретінде қарайды.

Түркияда Республика күні 29 қазанда тойланады. 1923 жылы осы күні Түркия республика болып жарияланып, Мұстафа Кемал Ататүрік оның алғашқы президенті болып сайланды. Мереке мемлекеттік мекемелердегі салтанатты жиындардан басталады. Ел басшылығы мен ресми тұлғалар Анкарадағы Анытқабір кесенесіне барып, Түркия Республикасының негізін қалаған Мұстафа Кемал Ататүріктің рухына тағзым етеді.

Қалаларда концерттер, шерулер, отшашулар және бұқаралық мәдени шаралар өткізіледі. Мемлекеттік тулар үйлерге, көшелерге және қоғамдық ғимараттарға ілінеді. Түркиядан тыс жерде тұратын азаматтар да мерекелік іс-шараларға қатысады. Түркиядағы Республика күнінің басты ерекшелігі – оның елдің жаңғыру дәуірімен тығыз байланысында. Бұл күн мемлекеттің құрылуы ғана емес, зайырлы басқару, білім беру және қоғамдық жаңару бағытының басталуы ретінде қабылданады.

Непал Республика күнін мамыр айының соңында атап өтеді. 2008 жылы елдің Құрылтай жиналысы бірнеше ғасырлық монархияны тоқтатып, Непалды федеративтік демократиялық республика деп жариялады. Бұл мерекенің тарихи мазмұны басқа елдерден біршама ерекшеленеді. Үндістанда Республика күні Конституцияның қабылдануына, Италияда халық референдумына, Түркияда жаңа мемлекеттің жариялануына арналса, Непалда ол монархиялық басқарудың аяқталып, мемлекеттік биліктің қайнар көзі халық деп танылған кезеңді білдіреді.

Непал Президентінің ресми сөздерінде Республика күні халық егемендігіне негізделген демократиялық мемлекеттің қалыптасқан күні ретінде сипатталады. Мереке кезінде мемлекеттік рәсімдер, әскери құрмет көрсету шаралары, марапаттау және елдің демократиялық дамуына арналған жиындар ұйымдастырылады.

Әлем елдерінің тәжірибесі Республика күнінің бірыңғай үлгіде өткізілмейтінін көрсетеді. Үндістан Конституция мен мәдени әртүрлілікті алдыңғы орынға шығарса, Италия халықтың тарихи таңдауын және азаматтық теңдікті дәріптейді. Түркия мемлекеттің негізін қалаған тұлғаларға тағзым етеді. Непал халық билігі мен демократиялық өзгерісті атап өтеді.

Мерекелік рәсімдері әртүрлі болғанымен, олардың ортақ мағынасы бар. Республика күні азаматтарға мемлекеттің қалай құрылғанын, биліктің кімге қызмет етуі керектігін және ел болашағына әр адамның жауапты екенін еске салады.

Қазақстанның Республика күні де осы әлемдік дәстүрмен сабақтас. Оның тарихи негізінде 1990 жылғы Мемлекеттік егемендік туралы декларация жатыр. Бірақ Қазақстандағы мерекенің өзіндік мазмұны – тәуелсіздікке жол ашқан саяси таңдауды, мемлекеттік тұтастықты, қоғамдық келісімді және ел азаматтарының ортақ жауапкершілігін дәріптеуінде.

Аружан Хасетова,
«ЖСН» кафедрасының
2-ші курс студенті.

БОЛЬШОЙ ПРАЗДНИК!

В Kozybayev University состоялось торжественное мероприятие, посвященное Дню Республики Казахстан. В нем приняли участие члены Совета директоров, ветераны педагогического труда, партнеры и сотрудники вуза.

Председатель Правления – ректор Ербол Исакаев отметил достижения университета на фоне модернизации системы высшего образования.

«Благодаря созидательной политике Главы государства Казахстан уверенно идет по пути модернизации и устойчивого роста. Принятие новой Народной Конституции четко обозначило приоритеты развития нашей страны, среди которых важнейшее место занимают наука и образование. Происходит масштабная трансформация модели высшего образования, осуществляется активный трансфер технологий. Все эти государственные преобразования напрямую отражаются и в достижениях нашего университета. В этом году мы провели рекордный набор за последние десять лет: ряды наших студентов пополнили более 3000 человек, а общий контингент превысил 8000. Расширяется география поступающих: сегодня наша академическая среда объединяет молодых людей из 24 стран мира. В этом году к нам впервые поступили студенты из Палестины, Пакистана, Руанды и Ирана. За каждым таким достижением стоит большой труд университетской команды», - отметил Ербол Исакаев.

Председатель Совета директоров Kozybayev University Галым Байтук также подчеркнул динамику развития вуза и поблагодарил коллектив за проделанную работу.

«В этом году университет совершил качественный рывок: такого количества контингента студентов, таких коллабораций, привлечения новых партнеров давно не было в истории вуза. Сегодня СКУ им.М.Козыбаева является лидером во многих сферах в регионе, градообразующим предприятием. Я хотел бы поблагодарить коллектив за эти достижения», - подчеркнул Галым Байтук.

В рамках торжества состоялось награждение сотрудников за вклад в развитие науки и образования.

Почетным дипломом МНВО РК «Отличник высшего и послевузовского образования» отметили Асемгуль Темирханову, главным научным сотрудником Департамента науки и технологического развития.

Нагрудные знаки «Отличник сферы сельского хозяйства» получили заведующие кафедрами АФ Дмитрий Иль и Фариза Муканова. Звания «Почетный работник образования» удостоены Галина Квасных и Ирина Олькова. Почетный диплом МНВО РК «Отличник науки» вручили Динмухаммеду Шайкину и Майре Валиевой.

Завершился праздник патриотическими творческими выступлениями студентов Kozybayev University.

Роман Битюков





ТАРИХТЫ ТАНЫҒАН ТӘЛІМГЕР

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің қауымдастырылған профессоры, доцент, тарих ғылымдарының кандидаты Зылыйха Бимақанова биыл мерейлі 70 жасын атап өтуде. Осы орайда мерейтой иесімен сұқбаттасқан едік.

– Зылыйха Шахметқызы, еңбек жолыңызды мектеп бітірген кезден бастаған екенсіз. Ұстаздыққа келу жолыңыз қалай басталды?

– Менің 1974 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданына қарасты Жарық стансасындағы №146 орта мектепті тәмамдадым. Арманым – жоғары білім алып, тарихшы болу еді. Алайда сол жылы Қарағанды мемлекеттік университетіне түсу конкурсында жолым болмай Қарағанды қаласындағы «Карагандаодежда» фабрикасында тігінші болып еңбек жолымды бастадым. Еңбекке ерте араласу жауапкершілікке, төзімділікке, ұқыптылыққа үйретті. Қандай істі қолға алсаң да, оны адал атқарып, табандылық таныту керектігін түсіндім. Дегенмен, көңілімде тарих мамандығын меңгеріп, ұстаз болсам деген арманым сақталды. 1975 жылы Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих мамандығына оқуға түсіп, білімімді жалғастырдым. 1977 жылы отбасын құруыма байланысты оқуымды сырттай бөлімде жалғастыруыма тура келді. Мамандығым бойынша еңбек жолымды 1977 жылы Торғай облысының Октябрь аудандық халыққа білім беру бөлімінде әдіскер болып бастадым. Кейін Октябрь орта мектебінде, №2 Қима орта мектебінде тарих пәнінен сабақ бердім. Ал 1992 жылы Арқалық қаласына отбасымызбен көшіп келіп, Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында қызметімді жалғастырдым. Осылайша, мектеп мұғалімдігінен жоғары оқу орнының оқытушысы дәрежесіне дейін көтеріліп, педагогикалық тәжірибемді одан әрі дамытуға мүмкіндік алдым. Ойлап қарасам, еңбек жолым үлкен тағылымдамалық дағдыларды қалыптастыра отырып, мені маман және тұлға ретінде өсіріп отырған. Бүгінде сол жылдарды еске алғанда, ең бастысы – қиындықтарға мойымай, өз мақсатыма қарай ұмтылғаныма қуанамын. Ұстаздық жол – үлкен жауапкершілік пен үздіксіз ізденісті талап ететін қасиетті жол. Сол жолда еңбек етіп, жас ұрпақтың білім алуына өз үлесімді қосқанымды өмірімнің мәні мен мақтанышы деп санаймын.

– Қарағанды өңірінен Солтүстік Қазақстанға, Петропавл қаласына қоныс аударуыңызға не себеп болды? Жаңа ортаға бейімделу мен бала тәрбиесін қатар алып жүру сіз үшін қандай кезең болды?

– Өмір жолында әртүрлі өзгерістер мен шешімдер болады. Менің өмірімдегі маңызды кезеңдердің бірі – Солтүстік Қазақстанға қоныс аударуымыз. Жолдасым Думан Манапұлы Бимақанов осы өңірдің тумасы, Есіл ауданына қарасты Өрнек ауылынан шыққан азамат еді. Ол әскери полиция саласында қызмет атқарып, мемлекеттік қызметкер болды. Қызмет бабына байланысты оған жиі жолдамалар беріліп, бір жерден екінші жерге көшіп жүруге тура келетін. Жолдасыма еліне барып тұрақтайық деген ойымды білдірдім. 1997 жылдың тамыз айының соңында Петропавл қаласына қоныс аудардық. Бейімделу қиындық тудырған жоқ. Тек өкініштісі жолдасым Думан Манапұлы 2000 жылы өмірден өтті. Бұл отбасымыз үшін ауыр сынақ болды. Дегенмен, өмір жалғасады. Артымда үш балам бар, солардың болашағы үшін еңбек етіп, жақсы тәрбие беруге бар күшімді салдым. Балаларымның білім алып, өз жолдарын табуына, адал әрі жауапты азамат болып қалыптасуына ерекше көңіл бөлдім. Бүгінде үш баламның да әке жолын жалғастырып, мемлекеттік қызмет саласында еңбек етіп жүргені мен үшін үлкен қуаныш. Әрқайсысы әртүрлі салада қызмет атқарғанымен, елге қызмет етуге деген ұмтылыстары ортақ. Өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, қызметтерінде абыройлы еңбек етіп жүргендері – ана ретінде менің мақтанышым.

– 2010 жылы тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алдыңыз. Диссертацияңыздың тақырыбы қандай болды? Бұл зерттеуге не себеп болды?

– Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуым – ұзақ жылғы ізденісім мен еңбегімнің маңызды нәтижесі болды. Диссертациялық жұмысымның тақырыбы «Қазақ жастары мерзімді баспасөзінің тарихы (XX ғасырдың басы – 1940 жж.)» деп аталады. Бұл тақырыпты таңдауыма ең алдымен қазақ тарихына, ұлттық руханиятқа және баспасөз тарихына деген қызығушылығым себеп болды. Мен үшін мерзімді баспасөз – белгілі бір кезеңдегі оқиғаларды баяндап қана қоймайтын, халықтың ой-санасын, қоғамдық көзқарасын, арман-мұратын танытатын маңызды тарихи дереккөз. Әсіресе қазақ жастарының баспасөзіне назар аударуымның өзіндік мәні бар еді. Өйткені жастар басылымдары арқылы сол кезеңдегі жас ұрпақтың білімге, мәдениетке, қоғамдық өмірге деген көзқарасын, ел болашағына қатысты ойларын тануға болады. Зерттеу барысында сол кезеңдегі басылымдарды қарастырып, олардың мазмұнына, көтерген тақырыптарына, қоғамдық ойдың қалыптасуына ықпалына назар аударым. Газет-журнал беттерінде жарияланған мақалалар арқылы сол дәуірдегі жастардың мақсат-мүддесін, қоғамдағы орнын және елдің ертеңіне қатысты көзқарастарын тануға болады. Менің ойымша, бұл тақырыптың маңызы – қазақ жастарының баспасөз мұрасын тарихи тұрғыдан қарастырып, оның ұлттық сана мен қоғамдық ойдың дамуындағы орнын көрсетуінде. Өткенді зерттеу арқылы біз бүгінгі ұрпаққа рухани мұрамыздың қадірін түсіндіреміз. Жастар баспасөзінің тарихы – тек газет-журналдардың тарихы емес, ол сол кезеңдегі қазақ жастарының үні, ізденісі мен болашаққа деген сенімінің де т

– Диссертацияңызға арқау болған қазақ жастарының мерзімді баспасөзін зерттеу барысында сол кезеңдегі жастардың дүниетанымымен жақын таныстыңыз. Өзіңізді ғалым журналист ретінде сезінесіз бе?

– Мен өзімді ғалым журналист деп есептемеймін. Менің негізгі мамандығым – тарихшы, ұстаз және ғылыми зерттеуші. Дегенмен, қазақ жастарының мерзімді баспасөзінің тарихын зерттеу барысында сол кезеңдегі жастардың ой-өрісімен, дүниетанымымен, білімге деген құштарлығымен тереңірек танысуға мүмкіндік алдым. Бұл мен үшін өте әсерлі әрі тағылымды зерттеу болды. Диссертациялық жұмысымды жазу кезінде жастардың білімге ұмтылысы, ақыл-ойын дамытуға деген талпынысы, елдің ертеңіне бейжай қарамауы менде үлкен мақтаныш пен сүйсініс сезімін тудырды. Олар білімді болуды, қоғамға пайдалы азамат атануды, халқының болашағына үлес қосуды маңызды санаған. Газет-журнал беттеріндегі мақалалардан жастардың ой тереңдігін, ізденісін және рухани биікке ұмтылысын байқауға болады. Сол жастардың бойындағы білімге құштарлық пен парасаттылықты бүгінгі ұрпақтың бойынан да көргім келеді. Қазіргі жастардың мүмкіндігі мол, ақпаратқа қолжетімділігі жоғары. Ендеше, осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, терең білім алып, өз ойларын дамытып, қоғамға пайдасын тигізуге ұмтылса екен деймін. Жастардың кітап оқуға, ғылымға, тарих пен мәдениетті тануға деген қызығушылығы артса, еліміздің болашағы да баянды болмақ.

– Сіздің қазақ жастарының мерзімді баспасөзі тарихына арналған еңбегіңіз білім алушылар үшін оқу құралы ретінде пайдаланылып жүр. Бүгінгі жастарға тарихи танымды қалай қызықты етіп жеткізуге болады?

– Ғылыми зерттеуіңнің кейінгі ұрпаққа қажет болып, білім алушылар үшін оқу құралына айналуы – ғалым үшін үлкен мәртебе. Өйткені біз тарихты тек өткенді білу үшін емес, одан тағылым алып, бүгінгі күнді дұрыс түсіну және болашаққа бағдар жасау үшін зерттейміз. Менің ойымша, бүгінгі жастарға тарихи танымды қызықты етіп жеткізу үшін, ең алдымен, тарихты құрғақ деректер мен даталардың жиынтығы ретінде оқытудан арылуымыз керек. Тарих – адам тағдыры, қоғам өмірі, ұлттың арманы мен мақсаты. Сондықтан әрбір тарихи оқиғаның артында қандай адамдар тұрғанын, олардың нені мақсат еткенін, қандай қиындықтарды бастан өткергенін көрсету маңызды.

Мәселен, мен зерттеген XX ғасырдың басы мен 1940 жылдар аралығындағы қазақ жастарының мерзімді баспасөзін алайық. Сол кезеңдегі газет - журналдарды бүгінгі жастармен бірге оқып, ондағы мақалаларды талқылауға болады. Сол кездегі жастар нені армандады? Қандай мәселелерді көтерді? Білім мен ғылымға, ана тіліне, ел болашағына қалай қарады? Осы сұрақтарға жауап іздеу арқылы жастар өткен тарихты жақыннан танып, сол дәуірдің тынысын сезіне алады. Тарихи басылымдарды оқу бұрынғы ұрпақпен сырласқандай әсер қалдырады. Сонымен қатар, бүгінгі технологияның мүмкіндіктерін тиімді пайдалану қажет. Электронды мұрағаттар, тарихи құжаттардың цифрлық нұсқалары, деректі фильмдер, подкасттар мен танымдық бейнематериалдар жастардың қызығушылығын арттыра алады. Бірақ технология мақсат емес, тарихи білімді терең меңгеруге көмектесетін құрал болуы керек. Ең маңыздысы – ұсынылған ақпараттың ғылыми тұрғыдан сенімді болуын қамтамасыз ету. Тағы бір назар аударатын жайт, жастарды дайын ақпаратты қабылдаушы ғана емес, өздігінен ізденетін зерттеуші ретінде тәрбиелеу керек. Оларға ескі газет-журналдарды салыстыруды, тарихи деректерді талдауды, әртүрлі көзқарастарды саралауды үйреткен жөн. Сонда олар тарихты жаттап қана қоймай, оған сыни тұрғыдан қарап, өз тұжырымдарын жасай алады. Тарихи танымды ұлттық құндылықтармен байланыстыруды да ұмытпауымыз керек. Өз халқының тарихын, тілін, мәдениетін, рухани мұрасын білген жас өз тамырын тереңірек түсінеді. Алайда тарихты таныту дегеніміз тек өткенді мадақтау емес. Оның жетістіктерін де, күрделі кезеңдерін де шынайы деректер негізінде түсіндіру қажет. Сонда ғана жастардың тарихи санасы берік қалыптасады.

– Тарихи фильмдерді көресіз бе? Ондағы тарихи шындық пен көркемдік қиялдың арақатынасына қалай қарайсыз? Кино тарихты дәріптей ме, әлде бұрмалай ма?

– Иә, тарихи фильмдерге қызығушылықпен қараймын. Тарихшы ретінде мұндай туындыларды көргенде, ең алдымен, тарихи оқиғалардың қаншалықты шынайы бейнеленгеніне, кейіпкерлердің іс-әрекеті мен сол дәуірдің тынысы қалай көрсетілгеніне назар аударамын. Менің ойымша, тарихи киноның қоғам үшін маңызы зор. Өйткені фильм арқылы көрермен белгілі бір тарихи кезеңді көз алдына елестетіп, сол дәуірдегі адамдардың өмірін, күресін, арман-мақсатын сезіне алады. Әсіресе жастар үшін кино – тарихқа деген қызығушылықты оятатын әсерлі құрал. Кейде бір тарихи фильм адамды кітап оқуға, белгілі бір тұлғаның өмірін немесе тарихи оқиғаны тереңірек зерттеуге жетелейді. Алайда тарихи шындық пен көркемдік қиялдың арақатынасын ажырата білу қажет. Тарихи фильмнің шынайылығы, ең алдымен, нақты деректерге, тарихи құжаттарға және ғылыми зерттеулерге сүйенуінен көрінеді. Егер фильмде белгілі бір тарихи тұлғаның бейнесі негізсіз өзгертіліп, оқиғалар шындыққа қайшы көрсетілсе, онда көрерменнің тарих туралы түсінігіне теріс әсер етуі мүмкін. Әсіресе көркем шығарма мен тарихи деректің аражігін ажырата бермейтін жас көрермен фильмдегі барлық көріністі ақиқат деп қабылдауы ықтимал. Кино өнері мен тарих бір-бірін толықтыра алады. Екеуінің арасындағы байланыс дұрыс сақталған жағдайда, тарихи фильмдер өткенімізді танытатын, ұлттық жадымызды жаңғыртатын және жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыратын маңызды құралға айналады.

(Соңы 10-бетте)

ТАРИХТЫ ТАНЫҒАН ТӘЛІМГЕР

(Басы 9-бетте)

– Бүгінгі жастардың өмірлік ұстанымы мен әдеп-әрекетінен нені байқайсыз? Олардың қандай қасиеттерін құптайсыз, ал нені түзеткіңіз келеді?

– Бүгінгі жастарға қарағанда, ең алдымен, олардың білімге құштарлығын, жаңа дүниені тез меңгеретінін, заман талабына бейімделгіштігін байқаймын. Қазіргі ұрпақтың мүмкіндігі мол. Ақпаратқа қол жеткізуі жеңіл, әлемдік білім мен ғылымның жетістіктерін игеруге жол ашық. Көптеген жастардың өз ойын еркін жеткізіп, жеке көзқарасын қалыптастыруға, алдына мақсат қойып, соған ұмтылуға талпынатыны қуантады. Осындай ізденімпаздықты, батылдықты және жаңашылдықты мен құптаймын. Сонымен бірге жастардың бойындағы ұлттық құндылықтарға деген құрметті, үлкенге ізет, кішіге қамқорлық көрсету қасиеттерін байқап жатсам көңілім марқаяды. Қандай заман өзгерсе де, адамгершілік, адалдық, қарапайымдылық пен жауапкершілік ешқашан ескірмейді. Білімді болу маңызды, бірақ білімді адам ең алдымен адамдық қасиетін жоғалтпауы керек. Дегенмен, кейбір жастардың бойынан асығыстықты, шыдамсыздықты, жеңіл жетістікке тез қол жеткізуге деген ұмтылысты да байқаймыз. Әлеуметтік желілердің ықпалымен сыртқы көрініске, өзгелердің бағасына, материалдық табысқа шамадан тыс мән беретін жағдайлар кездеседі. Кейде ақпаратты терең сараламай қабылдау, кітап оқуға аз көңіл бөлу, үлкендердің тәжірибесіне құлақ аса бермеу де ойландырады. Әрине, мұны бүкіл жастарға тән қасиет деп айтуға болмайды. Қазіргі жас ұрпақтың арасында ізденімпаз, еңбекқор, елінің болашағына алаңдайтын азаматтар өте көп. Ұстаздық тәжірибемнен түйгенім – жас адамға ақыл айтудан бұрын, оған дұрыс бағыт көрсетіп, сенім арту маңызды. Жастарды үнемі сынай бермей, жақсы қасиеттерін қолдап, кемшіліктерін түсіндіре білу керек. Өйткені тәрбие құр сөзбен емес, жеке үлгімен беріледі. Үлкендер өздері адалдықты, жауапкершілікті, сыйластықты көрсете алса, жастар да сол қасиеттерді бойына сіңіреді.

– Сұхбатымыздың соңында «Парасат» бағдарламасының ұжымына қандай тілек білдірер едіңіз?

– Ең алдымен, көрерменге рухани азық беріп, тағылымды дүниелерді насихаттап жүрген «Парасат» бағдарламасының ұжымына шынайы алғысымды білдіргім келеді. Осындай бағдарламалар арқылы елге еңбегі сіңген азаматтардың өмір жолы, ғылым мен білімге қосқан үлесі, өмірлік тәжірибесі кейінгі ұрпаққа жетіп жатқаны қуантады. Менің ойымша, «Парасат» атауының өзі үлкен мағынаға ие. Парасат – адамның білімімен ғана емес, ой-өрісімен, адамгершілігімен, өмірден түйген тағылымымен өлшенетін қасиет. Сондықтан бағдарламаларыңыз осы атауға лайық болып, көрерменнің рухани дүниесін байытып, қоғамдағы ізгі құндылықтарды дәріптей берсін.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Анель Қанатова,
«ЖжӘҒ» кафедрасының
4-ші курс студенті.

ҒАЛЫМНЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫ ЖОЛЫ

Білім беру саласында жарты ғасырдан астам уақыт еңбек ету – кәсіби шеберліктің ғана емес, таңдаған мамандығына деген шынайы сүйіспеншілік пен адамгершілік қасиеттердің де айқын көрінісі. Зылыйха Шахметқызы Бимақановаңың өмір жолы – ғылым мен білімге адал қызмет етудің, ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қараудың жарқын үлгісі. Ұстаздық жолын білім беру саласымен байланыстырған Зылыйха Шахметқызы саналы ғұмырын жастарға сапалы білім беруге, олардың бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыруға және отандық тарих ғылымының дамуына арнап келеді. Ол 1998 жылдан бастап Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің «Қазақстан тарихы» кафедрасында еңбек етіп, өзін кәсіби білімі терең, тәжірибесі мол, өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын білікті маман ретінде танытты.



Зылыйха Шахметқызының басты ерекшелігі – ұстаздық тәжірибені ғылыми ізденіспен ұштастыра білуі. Ол білім беру үдерісінде заманауи инновациялық және интерактивті технологияларды тиімді пайдаланып, сабақтарын жоғары оқу-әдістемелік деңгейде өткізеді. Студенттердің білім сапасын арттыруға, олардың тарихи ойлау қабілетін дамытуға, деректермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөледі.

Тәжірибелі педагог ретінде ол жастардың ғылыми әлеуетін ашуға да зор үлес қосып келеді. Оның жетекшілігімен магистрлік диссертациялар, дипломдық және курстық жұмыстар, ғылыми жобалар дайындалады. Студенттер ғылыми конференцияларға, түрлі деңгейдегі байқауларға қатысып, жетістіктерге жетуде. Бұл – ұстаздың кәсіби шеберлігі мен шәкірттеріне деген ықыласының нәтижесі.

Зылыйха Шахметқызы үшін тарих – өткеннің шежіресі ғана емес, бүгінгі ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыратын, елдік құндылықтарды дәріптейтін маңызды ғылым саласы. Сондықтан оның ғылыми ізденістерінің негізгі бағыттарының бірі – Қазақстан тарихын зерттеу, тарихи мұраны зерделеу және оны білім беру жүйесінде тиімді пайдалану. Ғалымның ғылыми еңбектері отандық және халықаралық ғылыми басылымдарда, конференциялар жинақтарында жарық көрген. Оның ғылыми қоржынында 180-нен астам ғылыми мақала, 10 оқу құралы, 28 оқу-әдістемелік құрал және 2 монография бар. Бұл көрсеткіштер оның ғылыми ізденіске тұрақты көңіл бөліп, жинақтаған тәжірибесін әріптестерімен және жас зерттеушілермен бөлісуге ұмтылатынын аңғартады.

Ғылыми-педагогикалық қызметімен қатар, Зылыйха Шахметқызы жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға, ұлттық бірегейлік пен қоғамдық келісім құндылықтарын дәріптеуге де атсалысып келеді. Қазақстан халқы Ассамблеясы бағытындағы жұмыстары аясында студенттерге арналған «Ұлттану», «Қазақтану», «Халықтану» атты интерактивті білім беру лекторийлерін әзірлеуге және апробациядан өткізуге қатысқан. Сонымен бірге «Мәңгілік елдің құндылықтары» атты оқу-әдістемелік құралын дайындауға үлес қосқан. Оның педагогикалық ұстанымының негізінде білім мен тәрбиенің бірлігі жатыр. Студенттерге тарихты оқыта отырып, елге деген құрметті, жауапкершілікті, азаматтық белсенділікті және ұлттық құндылықтарды бағалай білуді үйретеді. Осындай ұстаздардың еңбегі арқылы білім алушылар тек кәсіби білім алып қана қоймай, қоғам алдындағы міндеттерін түсінетін саналы азамат болып қалыптасады.

Зылыйха Шахметқызының еңбегі әр жылдары лайықты бағаланып келеді. Ол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен және Құрмет грамотасымен марапатталған, Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің дамуына қосқан елеулі үлесі үшін «Үлкен алтын медальға» ие болған. 2025 жылғы 15 сәуірде ғылым саласындағы елеулі жетістіктері және ғылыми кадрларды тәрбиелеудегі еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Ғылым үздігі» Құрмет дипломымен марапатталуы – оның көпжылдық қызметіне берілген жоғары баға. Бұл марапаттар – атқарылған жұмыстың нәтижесін ғана емес, ғылымға, білімге және адам тәрбиесіне арналған қажырлы еңбектің маңызын көрсететін белгі.

2024 жылдан бастап М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде оқытушы - зерттеуші қызметін атқарып келе жатқан Зылыйха Шахметқызы кәсіби дамуға, жаңа білімді игеруге және ғылыми ізденістерін жалғастыруға ерекше мән береді. Оның еңбек жолы тәжірибелі ұстаздың үнемі ізденісте болып, заман талабына сай дамуға ұмтылуының үлгісі болып табылады. Зылыйха Шахметқызының адамдық болмысы да кәсіби қасиеттерімен үйлесім тапқан. Ол – әріптестері арасында сый-құрметке ие, көпшіл, байыпты, жауапкершілігі жоғары жан. Ұжыммен қарым - қатынаста сыпайылық пен өзара түсіністікті бағалайды. Іске деген тиянақтылығы, еңбекқорлығы, ұйымдастырушылық қабілеті мен жоғары жұмыс мәдениеті оның тұлғалық келбетін айқындайды.

Ұстаздың өмір жолында отбасының орны да ерекше. Жолдасы Думан Манапұлы өмірден ерте өтсе де, Зылыйха Шахметқызы үш ұлын тәрбиелеп өсіріп, олардың өмірден өз орындарын табуына күш-жігерін арнады. Бүгінде балалары әртүрлі жауапты салаларда еңбек етіп, өз мамандықтары бойынша қызмет атқаруда. Бұл да оның ана ретіндегі табандылығы мен жауапкершілігінің көрінісі.

Зылыйха Бимақановаңың еңбек жолы – адал қызметтің, кәсіби тұрақтылықтың және азаматтық жауапкершіліктің өнегесі. Ол өзінің білімімен, тәжірибесімен және қажырлы еңбегімен университеттің дамуына, тарих ғылымының өркендеуіне, жас ұрпақтың тәрбиесіне үлес қосып келеді.

Осындай жандардың еңбегі қоғамның рухани әлеуетін арттырып, білім мен ғылымның беделін нығайтады. Ал ұстаз үшін ең үлкен жетістік – шәкірттерінің жетістігі, ең үлкен марапат – ел игілігіне арналған еңбегінің бағалануы. Зылыйха Шахметқызының өнегелі ғұмыры – ғылымға адалдықтың, ұстаздыққа беріктіктің және ұрпақ тәрбиесіне деген шынайы жауапкершіліктің жарқын үлгісі.

Зәуре Картова,
Жошы Ұлысын
зерделеу ғылыми
Институның
бас ғылыми қызметкері, т.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор.



«ПАРАСАТ»
газеті
МЕНШІК ИЕСІ:
«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамы.
БАСПАГЕР:
«М. Қозыбаев ат. СҚУ» КЕАҚ
тарих, экономика және құқық факультетінің
«Журналистика және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасы.
БАС РЕДАКТОР:
Гүлгүл Тулешева.
ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР:
Павел Притолюк.
РЕДАКЦИЯ МЕКЕНЖАЙЫ:
15000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Мағжан Жұмабаев көшесі,
№ 6 оқу ғимараты, 215 кабинет, «Парасат» редакциясы, parasatmedia.ku@gmail.com.
Қайта есепке қою туралы Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің 2021 ж. 19 қарашадағы
№KZ73VPY00042947 куәлігі берілді.
Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын әрдайым көрсете бермейді.
Газет ай сайын шығады.
Таралымы: 10 дана.
Тапсырыс №216.

1 азета
«ПАРАСАТ»
СОБСТВЕННИК:
Некоммерческое акционерное общество «СевероКазахстанский университет имени
Манаша Козыбаева».
ИЗДАТЕЛЬ:
Кафедра «Журналистика и социальные науки»
факультета истории, экономики и права НАО
«СКУ им. М. Козыбаева».
ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:
Гүлгүл Тулешева.
ВЫПУСКАЮЩИЙ РЕДАКТОР:
Павел Притолюк.
АДРЕС РЕДАКЦИИ:
150000, Северо-Казахстанская область, город
Петропавловск, улица Магжана Жумабаева,
дом 114, учебный корпус № 6, кабинет 215, редакция «Парасат»,
parasatmedia.ku@gmail.com.
Свидетельство о постановке на переучёт
№KZ73VPY00042947 выдано Министерством
информации и общественного развития Республики Казахстан от 19 ноября 2021 г.
Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.
Газета выходит 1 раз в месяц.
Тираж 10 экземпляров.
Заказ №216.

ДРЕВНЯЯ ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА: ОТКРЫТИЯ, КОТОРЫЕ МЕНЯЮТ ПРЕДСТАВЛЕНИЕ О ПРОШЛОМ

В Kozybayev University состоялась лекция выдающегося археолога, академика НАН РК, доктора исторических наук Жакена Таймагамбетова, посвященная новейшим исследованиям палеолита Казахстана.

Ученый, открывший более 300 памятников палеолита, представил студентам результаты международных экспедиций и последние находки, в том числе из урочища Бозжыра в Мангистау и стоянок Ушбулак-1 в Шиликты. Его исследования внесли весомый вклад в обоснование заселения территории Казахстана первыми людьми около миллиона лет назад.

Особое внимание академик уделил необходимости подготовки отечественных археологических кадров.

«Сейчас наука стремительно движется вперед. Только за один полевой сезон в этом году было проведено 6 международных экспедиций. Столько новой информации получили! Ко мне приезжают студенты из Японии, Китая, Греции, США - участвуют в экспедициях, защищают диссертации и уезжают. Хотелось бы, чтобы было больше местных кадров, заинтересованных в исследовании палеолита, чтобы оставались здесь и работали», - поделился Жакен Таймагамбетов.

Встреча приобрела особое значение и благодаря исторической связи ученого с университетом: Жакен Таймагамбетов был учеником академика Манаша Козыбаева. Гость поделился воспоминаниями о своем наставнике и призвал студентов продолжать его научные традиции.

«Манаш Кабашевич был историком, ученым, к которому прислушивались и руководство, и чиновники. Он поднимал острые проблемы и воспитал много учеников, которые сейчас трудятся как в Казахстане, так и за рубежом. Ваш университет достойно несет его имя. Хочу пожелать молодежи быть достойными памяти Манаша Козыбаева, продолжать его дело, быть в постоянном поиске новых знаний», - обратился со словами назидания к студентам Жакен Таймагамбетов.



Қымбатты оқырмандар!
Құрметті Kozybayev University оқытушылары, студенттері мен қызметкерлері! Сіздерді ынтымақтастыққа шақырамыз. Бізге жоғары сапалы фотосуреттер мен адамдар жайындағы қызықты жазбаларыңызды, ғылыми ізденістеріңіз бен өзекті
мәселелер туралы материалдарыңызды жіберіңіздер.
Дорогие читатели!
Уважаемые преподаватели, студенты, сотрудники Kozybayev University приглашаем
вас к сотрудничеству. Присылайте нам свои истории об интересных и выдающихся
людях, актуальных событиях, материалы на злободневные темы, проиллюстрированные качественными фотографиями.